



Мектеп тәлімгерінің жылдық жоспары

2022-2023 оқу жылы

Текітсеңіз
 Мектеп директоры *А.М. Есмағамбетов*



№	Іс шаралар атауы, бағыты	Өткізу формасы	Жауапты	Қорытынды
Қыркүйек				
1	1-қыркүйек Білім күні «Алғашқы қоңырау»	Салтанатты жиын	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
2	Жас Ұлдарға отырыс	Отырыс	Аға тәлімгер	Анықтама
3	05 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдер күні «Тілім менің-тірегім»	Апталық	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер Гуманитарлық пәндер бірлестігі	Фейзбук парақшасы
4	Отбасы күні «Біз бақытты жанұя»	Сурет көрме	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
Қазан				
5	1 қазан-Қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам	Мерекелік концерт	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
6	«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы»	Мерекелік концерт	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
7	«Күз – мереке, күз – береке» Алтын күз сайысы	Мерекелік шара	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук арақшасы
8	Маншүк Маметованың 100 жылдығы	Іс-шара	Аға тәлімгер	Хабарлама
9	Денсаулық- зор байлық.	Флешмоб	Аға тәлімгер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Фейзбук парақшасы
Қараша				

10	Оқушылардың жеке басының гигиеналық талаптарының орындалуын бақылау	Бақылау жүргізу	Аға тәлімгер Медбике	Хабарлама
11	Спорттық жарыс	Жарыс	Аға тәлімгер Жас Ұлан белсенділері	Хабарлама
12	Оқушылардың күнделіктерін тексеру	Бақылау жүргізу	Аға тәлімгер Жас Ұлан белсенділері	Хабарлама
13	«Жас Ұлан» ұйымына Ант қабылдау рәсіміне дайындық	Дайындық	Аға тәлімгер Жас Ұлан белсенділері	парақшасы Фейзбук
14	Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру	Бақылау жүргізу	Аға тәлімгер	Хабарлама
Желтоқсан				
15	1 желтоқсан – Тұңғыш президент күні	Мектепшілік шара	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
16	Ұланбасылар отырысы Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығы Ұйымдастыру	Отырыс	Аға тәлімгер	Хабарлама
17	Біздің елдің ертеңі! Жас Қыран, Жас Ұлан ұйымына қабылдау	Қабылдау жиыны	Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
18	16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тұрағым-Тәуелсіздік тұмарым»	Сыныптан тыс шара	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
19	Жер ананы аялайық!	Көркем шығарма және	Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы

		сурет байқауы			
20	«Төрлет, құтты Жаңа жыл!» 1-4 сыныптар «Ғажайып Жаңа жыл» 5-8 сыныптар «Жаңа жылым, бақ жылым- 2022» 9-11 сыныптар	Мерекелік концерт		Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
Қаңтар					
21	Біз білмейтін таланттар!	Байқау		Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
22	«Роза Бағланованың 100 жылдығы»	Дөнгелек үстел		Аға тәлімгер	Фейзбук
Ақпан					
23	Ұланбасылар кеңесінің отырысы	Отырыс		Аға тәлімгер Психолог	Хабарлама
24	«Мұқағали Мақатаев – поэзия патшасы»	Әдеби кеш		Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
25	«Қызға қырық үйден тыю»	Қыздар жиналысы		Аға тәлімгер Психолог	Анықтама
26	Оқушылардың күнделіктерін тексеру	Бақылау жүргізу		Аға тәлімгер Жас Ұлан белсенділері	Хабарлама
27	Жас Ұландармен кездесу! «Ауғанның от жалыны»	БЖҰ мүшелері үшін ауған соғысы жауынгерлерімен		Аға тәлімгер ДТЖО	Фейзбук парақшасы

	кездесу	Наурыз		
28	Алғыс айту күні!	Мерекелік шара	Аға тәлімгер Класс жетекшілер	Фейзбук парақшасы
29	8 наурыз- Халық «Ана – бақыт, ана – жыр, ана – өмір»	Мерекелік концерт	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
30	Абай дана, Абай дара қазақта!	Көркем сөз байқауы	Аға тәлімгер Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Фейзбук парақшасы
31	Қазақстанның БҰҰ-ға кіруіне 30 жыл	Іс-шара Бақылау жүргізу	Аға тәлімгер Жас Ұлан белсенділері	Хабарлама
32	22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні»	Мерекелік шара, концерт	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер Класс жетекшілер	Фейзбук парақшасы
Сәуір				
33	1 сәуір- Күлкі күні	Бейне ролик түсірілімі, мектепшілік шара	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
34	7 сәуір-Дүниежүзілік денсаулық күні	Спорттық шара	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Фейзбук парақшасы
35	Мектеп оқушыларын «Жасыл желек»	Сенбілік	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы

	кеғалдандыру жұмыстарына тарту		Сынып жетекшілер	
36	«Что? Г де? Когда?» зияткерлік бағдарлама	Зияткерлік бағдарлама	Аға тәлімгер Ұланбасы	Фейзбук парақшасы
37	«Ғарышкерлер күні»	Сурет байқауы		Фейзбук парақшасы
38	«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына мүшелікке қабылданатын оқушылар тізімін жинақтау	Қабылдау жиыны	Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
Мамыр				
39	1 мамыр – Бейбітшілік күні «Достық тұғыры бейбітшілікте»	Сыныптан тыс шара	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Хабарлама
40	9 мамыр – Жеңіс күні «Бейбіт күн жасасын әлемде»	Мерекелік концерт	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы
41	25 мамыр – Соңғы қоңырау «Сынғырла соңғы қоңырау»	Салтанатты жиын	Ұйымдастырушы педагог Аға тәлімгер	Фейзбук парақшасы

Орындаған:

Мектеп тәлімгері: А.Джураева

Бекітемін»

Мектеп директоры:

Еспенбетов Ж



«Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және
отаншылдық»

2022-2023 оқу жылы

№ 28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде өткізілген

Білім күніне арналған іс-шараның өткізілуі туралы

2022 – 2023 оқу жылы

Анықтама

№ 28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде 01.09.2022 жылы Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық» тақырыбындағы тұжырымдамалық идея қоғам мүддесінде азаматтық, әлеуметтік әрекеттерге дайындықты қамтамасыз ететін өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің қажеттілігі және Түркістандық жаңа дамудың басымдықтарын насихаттау және осы тақырып бойынша Білім сабақтары өткізілді. Мектеп ауласындағы іс-шара өткізілетін орын тазаланған. Безендіру жұмыстары (жалаулар, шарлар, қанатты сөздер, қабырға газеттер, музыкалық аппаратура бейнетаспасымен қамтамасыз етілді) өз дәрежесінде. Мерекелік жиынға мектеп оқушыларының ата-аналары қонаққа келді. Оқушыларды алғашқы әскери дайындақ жетекшісі Қ.Ұзақбаев сапқа тұрғызды. 1-сынып оқушыларын қарсы алды. Оқушылардың мерекеге дайындығы туралы мәлімет беріліп, ҚР гимні орындалды. Білім күні мерекесін ашу үшін мектеп директоры Ж.Еспенбетовке сөз кезегі берілді. 1-сынып оқушыларының концерттік бағдарламасымен мектеп оқушыларының мерекелік жиынға дайындаған ән-билер қойылды. Алғашқы қоңырау соғылып, Алғашқы қадам басу рәсімін өткізу ардақты мектеп ұстаздарымен келген қонақтарға берілді. Келген қонақтар алғаш мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 – сынып оқушыларын мектепке алып кірді. Іс-шара барысында кезекшілік өз дәрежесінде атқарылды. Іс-шара өз деңгейінде өткізілді.

Ұйымдастырушы педагогы: Ж.Адилова

Тәлімгер: А.Джураева




Бекітемін

Мек. директоры:

Ж.Еспенбетов

№28 Абылай хан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі



«Күзгі балл -2022» сайысы 9,10,11-сыныптар аралығында

Ұйымдастырушылар:

Ұйымдастырушы педагог: Адилова Ж

Тәлімгер : Джураева А.

Химия және биология бірлестігі.

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

«Ханзада мен Ханшайым» күзгі балл -2022 байқауы

07 қазан күні сағат 15:00- де. №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде 9-10- сыныптар аралығында «Күзгі балл-2022» байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру, білімдерін жетілтіріп, жемістер мен көкеністердің пайдасын түсіндіру, тақпақ, жұмбақ айтып байланыстырып сөйлеу әдістерін үйрету. Өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалаптастыруды дамыту. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ Ханзада мен Ханшайымның қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу. Қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қызды тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, ұстамдылыққа, төзімділікке, тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.

Мектеп оқушыларынан 5 жұп оқушылары катысты. Олар өздерінің өнерлерін көрсете білді.

Әділқазы алқалары әділ бағаларын беріп « Күз Ханзадасы мен Ханшайым» анықтады.

«Ханзада мен Ханшайым-2022» 8в сынып оқушылары Ақылбеков Құаныш, Анвар Аяжан иеленді.

1-орынды 8б сынып оқушылары **Амангелді Нұрсәт, Сайдуақас Айман** иеленді

2-орынды 9в сынып оқушысы **Муслим Жұмаділ, Қанқақова А** иеленді.

3-орынды 9ә сынып оқушысы Анаркүл Ә, Бауыржан Ақмаржан иеленді.

Қалған мектеп оқушылары әр түрлі номинациясына (марапаттарға) ие болды.

Іс-шара өз деңгейінде өткізілді.

Дайындаған. Ұйымдастырушы педагог: Ж.Адилова
Тәлімгер: А.Джураева
Химия, биология пәнін мұғалімдері

« №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2022-2023 оқу жылы.

8.9.10.11 - сынып оқушыларының қыздар арасында өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

Жиналысқа қатысқаны: 200 оқушы

22.09.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Жыныстық қылмысқа итермелейтін факторлардың алдын алу
2. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын алу және «Қауіпсіз интернет» жайлы.
3. Түнгі уақытта сағат 22:00 ден кейін кәмелетке толмағандардың көшеге шығуға, еңбек етуге тыйым салынады.
3. Әр түрлі

Тыңдалды

3. Күн тәртібінде **бірінші мәселе** бойынша ДТІЖО Н.Сейдалиева Жыныстық қылмысқа итермелейтін факторлардың алдын алу, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық зомбылықтың алдын алу мақсаты жайлы айтып өтті. Басқа қатысушылар осы құқық бұзушылық шараларымен таныса отырып, өз пікірлерімен бөлісті. «Қауіпсіз интернет» тақырыбында оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар интернет желісін дұрыс пайдалану және балалардың интернет қолдану әрекетін қатаң түрде бақылайтынын айтып өтті және жолдарын түсінді.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Д.Байбақова түнгі уақытта кәмелетке толмаған жастардың көшеде жүруге және кафе ресторандарда жұмыс жасауға тыйым салынатынын және қатаң түрде бақылауға алынатынын мәлімдеді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп медбикесі З.Сман «Жас өспірімдер арасында ерте жүктіліктен сақтану» тақырыбында баяндама оқыды.

Соңғы мәселе бойынша сынып жетекшілер оқушылардың сабаққа толықанды қатысуын және мектеп формасымен келуін ата-аналар жауапты екенін айтып өтті. Смартфон және ұялы телефондардың мектеп уақыттысында оқушылардың қолдануына тыйым салынатынын сынып жетекші көп мәрте қайталады.

Жиналыс қаулы етеді:

4. 1. Барлық оқушылар Сарыағаш аудандық білім бөлімі басшысының «Жыныстық қылмысқа итермелейтін факторлардың алдын алу» іс-шарасымен таныссын.
5. 2. Түнгі уақытта яғни 22:00 ден кейін жүрмеуі қадағалансын.

Жиналыс төрайымы: А.Джураева

Хатшы: Ж.Адилова



№28 Абылай хан атындағы жалпы білім беретін орта мектеп
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі



«Денсаулық фестивалі -2022» Таңғы жаттығулар

Ұйымдастырушы педагог: Адилова Ж
Тәлімгер : Джураева А.
Дене шынықтыру бірлестік мұғалімдері.

2022-2023 оқу жылы

**№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде салауатты өмір салты
бағдарламасын іске асыру мақсатынында «Денсаулық күні» мерекесіне
байланысты баршаға арналған
«Денсаулық фестивалі – 2022 » өткізілуі туралы**

2022-2023 оқу жылы

Анықтама.

№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінде салауатты өмір салты бағдарламасын іске асыру мақсатынында «Біздің денсаулығымыз өз қолымызда!» тақырыбында өткізілетін «Денсаулық фестивалі-2022» спорттық-мәдени іс- шаралары жасалынды.

Жасалынған іс-шара бойынша «Денсаулық –зор байлық» қабырға газеттері шығарылды.

Қыркүйектің 16 күні таңертеңгі сағат 08.00-де мектеп мұғалімдерімен оқушылары мектеп ғимаратының алаңына жиналды. Мерекеге арналған жиын өткізілді.

Жиынды мектеп директоры ашып берді. Жиналған ұстаздарды, оқушыларды мереке күнімен құттықтады. Мектеп медбикесі Сман З «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында баяндама оқыды. Денсаулықты нығайтуда жұмысқа қабілеттілікті арттыруда ағзаны шынықтырудың маңызы зор. Жалпы мектеп болып денені дамыту жаттығуларын жасады. «Спорт-спорт» биін биледі. Мереке түрлі спорттық сайыстармен ұласты. Спорттың волейбол түрінен 7-11 сыныптар арасында, «көңілді старт» түрінен 5-6 сыныптарға, 7-8 сыныптар аралығында арқан тартудан өткізілді. 3-4 сыныптар арасында көңілді старттар ойындарын өткізді. Мереке соңында атқарылған іс-шаралардың атқарылуына қорытындысы шығарылды. Оқушылар мен мұғалімдерге марапаттар мен сыйлықтар тапсырылды.

Ұйымдастырушы педагог: Ж.Адилова
Дене шынықтыру мұғалімі: Е. Тоянов.

Мек.директоры:

Ж.Еспенбетов

№28 Абылай хан атындағы орта мектеп КММ


«Ұстаз ұлы тұлға» атты іс-шара



2022-2023 оқу жылы

Мұғалімдер күніне арналған сценарий

30.09.2022



Фанфар (Ортаға жеті оқушы шығады қолдарында әріптері бар)

М — мейірімді

Ұ — ұлағатты

Ғ — ғазиз

А — ақылшы

Л — лайықты

І — іскер

М — маман мерекелеріңіз құтты болсын! (бәрі бірге)

1 — оқушы:

Сәлем бердік ұстаздар баршаңызға,

Сіздермен тола берсін ортамызда.

Бүгінгі ел басқарған азаматтар,

Білім алған сіздердің арқаңызда.

2 — оқушы:

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,

Дендеріңнің саулығы мықты болсын.

Білім менен суарған шәкірттерің,

Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!

3 — оқушы:

Ұстаздарым биік тұлға байсалды,

Құшақ жайып өз мерекең қарсы алды.

Қуанышты жарқын тілек білдіріп

Құттықтаймыз, ұстаздарым баршаңды.

4 — оқушы:

Ұлы өмірге жетелеп,

Ашқан білім есігін

Құрметтейік мәпелеп

Ұстаздардың есімін.

5 — оқушы:

Келешекке алтын бақ,

Қосар таудай үлесін.

Жасай берсін жарқылдап,

Ұстазатты ұлы есім.

6 — оқушы:

Ұстазыңды түсінген сен тереңнен

Бар әлемге еңбегімен еленген.

Сенің бағың өрге қарай өрлесе,

Ол да бірге қуанышқа кенелген.

7 — оқушы:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,

Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.

Ұстаздеген – ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иейік мәңгілік!

1 — жүргізуші:

Армысыздар, аса қадірменді ұстаздар ұжымы, білім шыңына талпынған оқушылар!

2 — жүргізуші:

Қымбат, Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі.

Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді.

1 — жүргізуші:

Ұстаз, ұстаз!!!

**№28 Абылай хан атындағы жылпы орта мектебінде өткізілген
Ұстаздар күніне арналған
іс-шараның өткізілуі туралы**

2022-2023 оқу жылы.

Анықтама

№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің 04.10.2022 ж. Ұстаздар күніне арналған салтанатты жиыны Ақжар ауылы №28 Абылай хан атындағы жылпы орта мектебінің думан залында өткізілді. Безендіру жұмыстары (жалаулар, шарлар, қанатты сөздер, қабырға газеттері, музыкалық аппаратура бейнетаспамен қамтамасыз етілді) өз дәрежесінде. Мерекелік жиынға ардагер ұстаздар қонаққа шақырылды және мектеп оқушылары, мұғалімдер қатысты. ҚР Гимні орындалды. Ұстаздар күні мерекесін ашу үшін мектеп директоры Ж.Еспенбетовке сөз кезегі берілді. 11-сынып оқушыларының концерттік бағдарламасымен \ мерекелік жиынға дайындаған ән-билері қойылды. Іс-шара барысында кезекшілік өз дәрежесінде атқарылды. Іс-шара өз деңгейінде өткізілді.

Дайындаған: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Сейдалиева
Ұйымдастырушы педагог: Ж.Адилова
Тәлімгер: А.Джураева

